«КЕЛІСІЛДІ»
ШҚО мәдениет басқармасы
«А.С. Пушкин атындағы
ШҚО кітапханасы» КММ
директоры
_____Тлеубекова Н.Е.

ШҚО мәдениет басқармасы «А.С. Пушкин атындағы ШҚО кітапханасы» КММ-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ

Өскемен қаласы **01.08.2026 жыл**

ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобы ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ (бұдан әрі – Кітапхана) қызметінде **2026 жылдың маусым, шілде айларына** сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» және ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ директорының 03.01.2024 жылғы №09-ОД «ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ-ның «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобын құру туралы» бұйрығы және «ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ-ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы» ережесі негізінде жүргізілді.

Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 «Мәдениет туралы», 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы», 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы №615 «Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қағидасын бекіту туралы» қаулысын және т. б. басшылыққа алады.

«Тексеру бойынша ақпарат»

1. Кітапханада рұқсат беру функциялары жоқ.

2. Кітапхананың бақылау функцияларын жүзеге асыруы қарастырылмаған.

3. 2026 жылдың маусым, шілде айларында кітапхананың қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жүргізілмеді, тексеру актілері жоқ.

«Қызметкерлерді басқару»

ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ-нің (бұдан әрі – Кітапхана) қызметі халыққа, кәсіпорындар мен мекемелерге кітапханалық-ақпараттық, білім беру-демалыс қызметтерін ұйымдастыруға бағытталған, бұл Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының талаптарымен және ҚР басқа да заңнамалық актілерінің кітапхана ісі бөлігінде айқындалады. Мақсатқа жету үшін Кітапхана 4 қызмет түрін жүзеге асырады:

1. дәстүрлі баспа және қазіргі заманғы электрондық басылымдарды қамтитын сапалы кітапхана қорларын қалыптастыру;

2. халыққа жаңа қызметтерді іске асыру үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу;

3. халыққа ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету тиімділігін жақсарту үшін материалдық-техникалық және технологиялық базаны нығайту;

4. облыстың кітапхана мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру.

Штат саны 104 әкімшілік қызметшіні құрайды. 2026 жылдың 1 тамызы жағдайындағы қызметшілердің нақты саны – 98 адам. 5 бос жұмыс орны бар: кітапханашы – 1,5, қызметтік үй-жайларды жинаушы – 1,5, жүргізуші – 2.

Кітапхана қызметкерлерінің сапалық құрамын талдайтын болсақ: орташа жас 40 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер – 6. Ұлттық құрамы бойынша 83,9% – қазақ, 13,08% – орыс, 2,3% – өзге ұлттар.

Басқа лауазымға ауысқандар – 14 адам. Өз еркімен жұмыстан босатылғандар – 16 қызметкер. Жұмысқа қабылданғандар – 18 қызметкер. Жүктілік пен бала күтіміне байланысты демалыста – 0;

Жұмысқа қабылдау кезінде кадрлар жөніндегі маман қызметкерлердің жеке істерін тексеріп, толтырады, ал құжаттарды тексеру кезінде egov.kz «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ деректері пайдаланылады.

Тәртіптік практиканы талдай отырып, Кітапхана қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

Осылайша, Кітапхана қызметшілерінің қызметі Қазақстан Республикасының «Мәдениет» заңдарын, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы», «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Кодекстерін іске асыруға, азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп кодексінің ережелерін білуге және сақтауға бағытталған, бұл олардың кәсіби қызметі мен еңбек қызметінің сапасын бағалау критерийлерінің бірі болып табылады.

Жалпы, Кітапхана қызметкерлерінің жұмысы қойылған функциялар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған.

Ішкі талдау барысында персоналды басқару саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

«Мемлекеттік сатып алулар»

2026 жылдың 1 тамызы жағдайында ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ мемлекеттік сатып алу өткізді, оның ішінде:

- Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - 3;
- Аукцион -8;
- Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден - 5;
- Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден - 2;
- Электрондық магазин - 0;
- Ашық конкурс – 0.

Барлық мемлекеттік сатып алулар бұзушылықсыз өткізілді.

Заңгер-кеңесші **Асаинов М.Б.**